



МАЭК

55 ЖЫЛ

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Президент
жолдауы

1-2



МАЭК-55:
ТЭЦ-2

2-3



Ресейлік мамандармен
кездесу

4



Реализация
инвестиционной
программы

5



Мектепке жол

10

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ



1 қыркүйек күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, былтырдан бері жүргізілген ауқымды саяси реформаларға тоқталып, елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орныққанын, адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалып, әділдік пен заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Сонымен қатар Президент нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалуға болмайтынына назар аударып, осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет екенін айтты.

– Қазір әлемде геосаяси ахуал ушығып тұр. Соған қарамастан, ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер өсті. Былтыр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 104 триллион теңге болды. Елімізге 28 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 миллиард долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымыз 100 миллиард долларға жуықтады. Бұл, ең алдымен, экономикалық тұрақтылығымыздың аса маңызды кепілі екені сөзсіз. Өрине, басқа елдер де

қарап отырған жоқ, олар да алға қарай ұмтылып, дамуда. Бір сөзбен айтқанда, жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеруде. Технологиялық бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналды. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды. Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Жолдауда өңдеуші және тау-кен өнеркәсібі, қорғаныс-өнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік-логистика, қаржы, IT және цифрландыру, су ресурстары, креативті индустрияны дамыту, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөнінде Үкіметке нақты міндеттер жүктеді. Сондай-ақ мемлекеттің экономикаға ықпалын азайтуға, экономиканы монополиядан арылтуға, макроэкономикалық саясатты қайта қарауға, салық, бюджет саясатын және әкімшілік басқару жүйесін реформалауға қатысты бірқатар маңызды бастама көтерді.

(сайт «Ақорда»)

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ВЫСТУПИЛ С ПОСЛАНИЕМ НАРОДУ КАЗАХСТАНА

1 сентября Президент Касым-Жомарт Токаев на совместном заседании палат Парламента выступил с Посланием народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана».

Глава государства в начале своего выступления остановился на политических реформах, реализуемых в стране. Он отметил, что еще более укоренилась формула «Сильный Президент – влиятельный Парламент – подотчетное Правительство», сделаны важные шаги в сфере защиты прав человека, проводится масштабная работа, направленная на обеспечение верховенства закона и справедливости.

Как убежден Президент, чтобы стать по-настоящему развитой страной, необходимо совместить политические реформы с глубокими и всесторонними социально-экономическими преобразованиями.

– Несмотря на сложную геополитическую ситуацию, наша страна сохраняет положительную динамику по всем ключевым показателям экономического развития. В прошлом году ВВП Казахстана составил 104 триллиона тенге. Привлечены рекордные 28 миллиардов долларов прямых иностранных инвестиций. Внешнеторговый оборот также достиг рекордного уровня – 136 миллиардов долларов, из которых 84 – это экспорт. Опора стабильности нашей экономики – внешние резервы – вплотную приблизились к 100 миллиардам долларов. Вместе с тем большинство государств также не стоят на месте. Сегодня в глобальной экономике и международном разделении

труда происходят фундаментальные сдвиги. Набирает обороты технологическая гонка, повсеместно обостряется конкуренция за ресурсы. В высшей степени актуализировались проблемы изменения климата, продовольственной безопасности, устойчивого демографического развития. Одним словом, человечество вступило в очередную эпоху беспрецедентных вызовов и кардинальных перемен. В такой важный период у нас имеются все возможности для мощного экономического рывка. Для этого мы должны поэтапно, но твердо и решительно перейти на новую экономическую модель, во главе которой стоят не абстрактные достижения, а реальное улучшение жизни граждан, – заявил Касым-Жомарт Токаев.

В Послании Глава государства поставил перед Правительством конкретные задачи по поддержке обрабатывающей и горнодобывающей промышленности, оборонно-промышленного комплекса, сельского хозяйства, энергетики, транспорта и логистики, сфер финансов, IT и цифровизации, водных ресурсов, креативной индустрии, а также субъектов малого и среднего предпринимательства. Он также обнаружил ряд важных инициатив по снижению влияния государства на экономику, демонаполизации экономики, пересмотру макроэкономической политики, реформированию налоговой и бюджетной политик, системы административного управления.

(сайт «Акорда»)

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ – 2 (ЖЭО-2)



Энергетика саласы жолға қойылмай өндіріс орындарының өркен жаюы мүмкін емес. Алпысыншы жылдардың басында түбектегі тірлікті жандандырып, қала салу, кенорындарын іске қосу секілді жобалар жүзеге асырыла бастағанда энергетиканы дамыту басты мәселе болып қойылды. 1964 жылы БН-350 және дистиллят өндіру қондырғысымен бір кешенде жұмыс істеуге тиісті ЖЭО-А (кейін ЖЭО-2 болып аталды) құрылысын жоспарлау және жобалау жұмыстары басталды.

Түбектегі тұщы су тапшылығы осындай мол жылу энергиясын өндіру көзін іске қосу мәселесін алға қойды. Бұл мақсаттағы жұмыстар ЖЭО-2 кешені жобасында көрініс тапты. Ал 1965 жылы жылу электр орталығының құрылысы басталды. 1967 жылы ЖЭО-2 дирекциясы құрылып, жұмыс істей бастады. Станцияның алғашқы бастығы болып Г.Т.Мандриков, бас инженері болып А.И.Зиновьев тағайындалды. Осы кезден бастап орталықтың жабдықтарын қабылдау мен мамандарды дайындап, жинақтау жұмыстары қолға алынды.

ЖЭО-2 БН-350 реакторы өндірген бұды қолданып, Жетібай және Өзен мұнай кенорындарындағы кәсіпорындарды, Пластмасса зауыты, Каспий аймақтық тау-кен комбинаты және Су тұщыту зауытын бұмен, жылумен және электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында салынды.

Станцияның жабдықтары, жинағы және құрастырылу схемасы, БН-350 реакторы уақытша тоқтатылған жағдайда одан алынатын бұды ЖЭО-2 құрылғылары арқылы толықтырып, Су тұщыту зауытының, энергетикалық кешеннің қалыпты жұмысын қамтамасыз ететіндей етіп жасалды.

1968 жылдың қыркүйек айында құрылымы жағынан бірегей гидротехникалық құрылғы – ЖЭО-2 турбина конденсаторларын суыту үшін, Су тұщыту зауытына буландырып, дистиллят алу

үшін, сондай-ақ, облыстағы өндірістік кәсіпорындарға теңіз суын беруге арналған теңіз сорғысы және 3 километрлік су жиналатын канал іске қосылды.


Сол жылдың 31 желтоқсанында электрлік қуаты 60 МВт болатын ПТ-60-90-13 (ТГ ст.№1) турбиналық генератор және ТГМ-151 «Б» (КА ст.№1,2) 2 қазандық агрегаты пайдалануға берілді.

ЖЭО-2 Су тұщыту зауыты және БН-350 реактор қондырғысымен бірге жұмыс істейтіндей етіп жобаланған. Ол үшін 1971 және 1973 жылдар аралығында арнайы жобаланған қысымға қарсы жұмыс істейтін және арнайы жасалған жалғыз дана К-100-45 турбиналық агрегаты және Р-50-45/5 үш турбиналық агрегатымен құрастырылды. 1978 жылы БН-350 реакторының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында ЖЭО-2-де реактордың бу генераторлары үшін өте таза су алу үшін үш сатылы тазалаудан өткізетін химиялық сумен тазалау қондырғысы (ХСТ-2) іске қосылды. ХСТ-2 (ХВО-2) - де жабдықтарында іске қосу жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін меншікті электр өткізгіштігі 0,4 мкСм/см болатын химиялық тазартылған су алына бастады.

ЖЭО-2 құрылысы 1985 жылға дейін созылды. Осы жылдар ішінде 10 турбиналық, 13 қазандық агрегаттары, 3 бойлерлік қондырғылар, ЖЭО-2 - ЖЭО-1 ортасындағы бу желілері, ЖЭО-2 - ЖЭО-1 ортасындағы жылу желілері қолданысқа берілді. Станциядағы барлық жабдықтар іске қосылғаннан кейін белгіленген электр қуаты 630 МВт-қа, бу қуаты 4160 тн/сағ. және жылу қуаты 1543 Гкал/сағ. жеткізілді. Қазірде БН-350 реакторының қолданыстан шығарылып, консервацияға қойылуына және жабдықтардың төмен параметрлерге көшірілуіне байланысты ЖЭО-2 белгіленген электр қуаты 450 МВт, бу 2890 тн/сағ. болып төмендетілді.

Соңғы 15 жыл ішінде ЖЭО-2-де негізгі және қосымша жабдықтарды жөндеу, жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен, 3 қазандық агрегаттарында, ст. №11,12,13 және 2 турбогенераторларда ст.№9,10 (№9,10 ст. турбиналарын электрогидравликалық реттеу қондырғысымен) кең көлемді ТП АБЖ (Технологиялық процесстерді автоматтандырылған басқару жүйесі) орнатылды, ОРУ-110 кВ-да (ашық тарату құрылғысы) 10 майлы ажыратқышты элегазға ауыстыру жүргізілді, Г-10,9 және Айналым сорғысында ст. 7-16 да тиристорлық қоздырғыштар енгізілді, Г-9 генераторлық ажыратқышы ауыстырылды, ФСН-

1,12 ажыратқыштары вакуумдық ажыратқыштарға алмастырылды; ГТК-6кВ-да (Басты тарату құрылғысы) 6кВ ДӨЗ 1-6 кабельдік желісінің ажыратқыштары ауыстырылды. 4 қазандық агрегаттарында жаңғырту жұмыстары (отынды үш сатылы жандыруға көшіру арқылы), параметрлерді бақылаудың ақпараттық өлшеу жүйесі қойылды (ТП АБЖ бастапқы кезеңі). Бұл жұмыстардың бәрі жабдықтарды қауіпсіз пайдалануды жақсартуға бағытталған. Негізгі жабдықтар, қондырғылармен қатар тұрмыстық үй-жайларда, шеберханалар мен зертханаларда, орталық басқару цитінде жөндеу жұмыстары жүргізілді, слит жүйелер қойылды. ЖЭО-2 жабдықтарын жанартып, жаңғырту бойынша №8 турбиналық агрегатындағы майлы ажыратқыштарды элегаздық түріне ауыстырып, генераторда тиристорлық қозғаушы қондырғы орнату арқылы техникалық процесстерді автоматтандырылған жүйемен басқаруға толық көшіру жоспарлануда. Сондай-ақ негізгі және қосалқы жылу-механикалық жабдықтарды және электр жабдықтарын ауыстыру жұмыстары жалғастырылатын болады.



ТЕПЛОЭЛЕКТРОЦЕНТРАЛЬ-2 (ТЭЦ-2)

Опережающий рост энергетики в регионе – это неуклонное правило для успешного развития промышленности. С целью выполнения этого условия и учетом перспективного развития промышленности полуострова Мангышлак, в 1964 году началась подготовка и проектирование ТЭЦ-А (переименованная в ТЭЦ-2). Она должна работать в комплексе с БН-350 и установками по производству дистиллята.

Проблема пресной воды на Мангышлаке ставила задачу строительства энергоемкого источника по тепловой энергии. Эта задача заложена в проектировании комплекса ТЭЦ-2. Строительство ТЭЦ-2 развернулось в 1965 году. В 1967 году создана дирекция ТЭЦ-2. Первым начальником станции стал Мандриков Г.Т., главным инженером Зиновьев А.И. С этого момента началась подготовка к приемке в эксплуатацию оборудования, комплектация и подготовка кадров.

ТЭЦ-2 строилась для обеспечения паром, теплом и электроэнергией предприятий добычи нефти Жетыбайского и Узенского месторождений, ЗПМ, предприятий ПГМК и ЗПД и ПТВС с учетом использования пара реактора БН-350.

Выбор оборудования, его компоновка и схемы соединения выполнены таким образом, чтобы на период отключения реактора БН-350 на ППР, расход пара поступающий от него компенсировался оборудованием ТЭЦ-2 и обеспечивал устойчивую работу ЗПД и энергокомплекса.

В сентябре 1968 года состоялся пуск уникального в своем роде гидротехнического сооружения - морская насосная и 3-х километровой водозаборный канал для подачи морской воды на охлаждение конденсаторов турбин ТЭЦ-2, ЗПД для выпаривания и получения дистиллята, а так же на промышленные предприятия Мангышлака.

Первый пуск турбогенератора ПТ-60-90/13 (ТГСт.№1), электрическая мощность 60 МВт и 2-х котлоагрегатов ТГМ-151«Б» (КА ст.№1,2) состоялся 31 декабря 1968 года. Этот день и считается днем рождения ТЭЦ-2.

ТЭЦ-2 проектировалась для совместной работы с реактором БН-350 и ЗПД. Для этого с 1971 по 1973 год были смонтированы 3 турбоагрегата Р-50-45/5, работающие на противодавлении и специально спроектированные в единственном экземпляре, турбоагрегат К-100-45. Для обеспечения безопасной эксплуатации реактора БН-350 в 1978 году на ТЭЦ-2 введена в эксплуатацию химводоочистка (ХВО-2) с трехступенчатой очисткой по получению сверхчистой воды для парогенераторов реактора. После выполнения пуско-наладочных работ на оборудовании ХВО-2 получена химочищенная вода на выходе с удельной электропроводимостью 0,4 мкСм/см.

Строительство ТЭЦ-2 продолжалось до 1985 года. За это время были приняты в эксплуатацию 10 турбогенераторов, 13

котлоагрегатов, 3 бойлерные установки, паропроводы связи ТЭЦ-2 – ТЭЦ-1, теплопроводы связи ТЭЦ-2 - ТЭЦ-1. После ввода всего оборудования в эксплуатацию теплоэлектроцентраль довело установленную электрическую мощность до 630 МВт, паровой до 4160 тн/час и тепловой до 1543 Гкал/час. В настоящее время из-за вывода реактора БН-350 из эксплуатации, консервации и переводу на пониженные параметры оборудования, установленная мощность ТЭЦ-2 снизилась - электрическая до 450 МВт, паровая до 2890 тн/час.

За последние 15 лет на ТЭЦ-2 была проведена большая работа по модернизации и ремонту основного и вспомогательного оборудования. Так, на 3-х котлоагрегатах ст.№11,12,13 и 2-х турбогенераторах ст.№9,10 установлены полномасштабные АСУ ТП (с установкой электрогидравлического регулирования турбин ст.№9,10). На ОРУ-110 кВ проведена замена 10-ти масляных выключателей на элегазовые, введено тиристорное возбуждение на Г-10,9 и на циркуляционном насосе ст.№7-16; замена генераторного выключателя Г-9, выключателей ФСН-11,12 на вакуумные; на ГРУ-6кВ проведена замена выключателей кабельных линий 6кВ ЗПД 1-6; произведена модернизация 4-х котлоагрегатов (перевод на трехступенчатое сжигание топлива), установлена информационная измерительная система контроля параметров (начальная стадия АСУ ТП). Все это помогает лучше и безопасней эксплуатировать оборудование. Параллельно модернизации и ремонту основного и вспомогательного оборудования производится ремонт бытовых помещений и помещений мастерских и лабораторий, центральных щитов управления, устанавливаются сплит системы. В планах модернизации и замены оборудования — создание полномасштабной АСУ ТП турбоагрегата ст.№8, с заменой масляного генераторного выключателя на элегазовый, установка тиристорного возбуждения генератора. Так же будет продолжена замена основного и вспомогательного тепломеханического и электрического оборудования.



ДЕПУТАТТАР МАЭКТЕ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Сүйіндік Алдашев және Маңғыстау облыстық Мәслихатының төрағасы Жаңбырбай Матаев бастаған қалалық, облыстық Мәслихаттың бір топ депутаттары «МАЭК» ЖШС-де болып, кәсіпорынның бүгінгі жай-күйімен, жаңғырту бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстар барысымен танысты. Кәсіпорын бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Мұрат Иғалиев қонақтарға комбинатты жаңғырту бағдарламасы бойынша жоспарланған кешенді жобалар туралы әңгімеледі. Сондай-ақ, облыстық әкімдік пен Үкімет тарапынан бөлінген қаржының жылу электр орталықтарындағы және су өндіру кешендеріндегі ең тозығы жеткен жабдықтарды ауыстыруға, жөндеуге жұмсалып жатқандығын баяндады.

Сенат депутаты Сүйіндік Алдашев бірінші кезекте жүзеге асырылуы қажет болатын жобалар және алдағы жылу маусымына дайындық мәселесін басты назарға қою қажеттігін қаперге берді. Кәсіпорынның өндірістік қызметіне қатысты депутаттар тарапынан қойылған бірнеше сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Кездесу соңында депутаттар Су дайындау зауытында және ЖЭО-2-де болып, қарқынды жүріп жатқан жөндеу жұмыстарымен танысты.



ДЕПУТАТЫ НА МАЭКЕ

Группа депутатов городского, областного маслихата во главе с депутатом Сената Парламента РК Суюндыком Алдашевым и председателем Мангистауского областного Маслихата Жанбырбаем Матаевым посетила ТОО «МАЭК», где ознакомилась с состоянием предприятия на сегодняшний день, ходом работ по программе модернизации. Заместитель генерального директора по производству Мурат Игалиев рассказал гостям о планируемых комплексных проектах по программе модернизации комбината. Также было доложено, что выделенные средства акиматом области и Правительством РК идут на замену наиболее изношенного оборудования электростанции, насосного оборудования опреснительных установок и теплообменных трубок для ДОУ.

Депутат Сената Суюндык Алдашев подчеркнул, что необходимо поставить во внимание проекты, которые необходимо реализовать в первую очередь, а также подготовку к предстоящему отопительному сезону. Даны конкретные ответы на несколько вопросов, поставленных депутатами относительно производственной деятельности предприятия.

В завершение встречи депутаты посетили ЗПДиПТВС и ТЭЦ-2, где ознакомились с текущими ремонтными работами.



РЕСЕЙЛІК МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ

«МАЭК» ЖШС станцияларында электр энергиясын өндірудің тиімділігін арттыру және ұлғайту мәселелерін кәсіпорын мамандары «Силовые машины» АҚ (Санкт-Петербург қ.) өкілдерімен талқылады.

Екі күндік жұмыс сапары аясында ресейлік Машина жасау компаниясының қызметкерлері энергетикалық кәсіпорынның электр станцияларындағы өндіруші жабдыктардың жұмысымен егжей-тегжейлі танысты.

Кездесуге қатысушылар қолданыстағы ЖЭС алаңында жаңа төртінші энергия блогын салу, ЖЭО-2 және ЖЭС-тің қолданыстағы генерациялық жабдыктарын жаңғырту, бу турбиналары мен қазандық жабдыктарына сервистік қызмет көрсету мәселелеріне назар аударды.

Мамандар Жылу электр станциясындағы №3 энергоблоқты күрделі жөндеуді келесі жылдың көктем айларында, ал №2 энергоблоқты күрделі жөндеуді 2025 жылы жүргізуді жоспарлады. Екі тарап өкілдері кәсіпорындағы негізгі генерациялық жабдыктарды біртіндеп жаңғырту мәселелері бойынша алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс істеуге келісті.



ВИЗИТ РОССИЙСКИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Вопросы повышения эффективности и увеличения выработки электроэнергии на станциях ТОО «МАЭК» были обсуждены специалистами энергокомбината с представителями АО «Силовые машины» (г.Санкт-Петербург).

В рамках двухдневного рабочего визита сотрудники российской машиностроительной компании посетили энергопредприятие и детально ознакомились с работой действующего генерирующего оборудования электростанций.

На встрече были обсуждены аспекты строительства нового четвертого энергоблока на существующей площадке ТЭС, модернизации существующего генерирующего оборудования ТЭЦ-2 и ТЭС. Обе стороны уделили внимание также вопросу сервисного обслуживания паровых турбин и котельного оборудования ТОО «МАЭК».

Специалистами было принято решение, что капитальный ремонт энергоблока №3 на ТЭС планируется провести в весенний период следующего года, а капитальный ремонт энергоблока №2 - в 2025 году.

В целом стороны договорились о дальнейшем взаимном сотрудничестве в вопросах модернизации генерирующего оборудования на энергокомбинате.



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ОРЫНДАЛУДА



«МАЭК» ЖШС-де Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті Табиғи монополиялар субъектілерінің басшылары, тәуелсіз қоғамдық бірлестіктердің жетекшілері, БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз туры өткізді. Бас қосуда инвестициялық бағдарламалардың орындалу мәселесі талқыланды.

Кәсіпорынның инвестициялық жоспарының орындалысы жөнінде Пайдалану және жөндеу жөніндегі департамент директорының орынбасары Алексей Смоленский баяндады: «Бүгінгі күні комбинаттағы негізгі энергетикалық жабдықтардың тозуы 80 пайызға жетіп отыр. Дегенмен, МАЭК инвестициялық салымдар есебінен жабдықтардың қалыпты жұмысын қамтамасыз етіп, тұтынушыларға барлық қажетті энергоресурс түрлерін үздіксіз жеткізуде.

МАЭК-тің 2023 жылға жоспарланған инвестициялық бағдарламасы аясында ЖЭО-2 – ЖЭО-1 арасындағы жылу құбыры учаскесінде күрделі жөндеу (VI кезең) жұмыстары жүргізілуде. Мақсат: жылу құбырын пайдалану мерзімін ұлғайту, жылу беру маусымында жылу желілерін сенімді пайдалану, тұтынушыларды жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ету, жылу желісінің тұрақты және сапалы жұмыс режимін қалыптастыру.

Сонымен қатар, Құйылыс жер асты минералды суының оңтүстік тармағындағы №1-13 ұңғымалар арасындағы су құбыры күрделі жөндеуден

өткізілуде (1-кезең). Инвестициялық жобаның мақсаты: құбырдың пайдалану сенімділігін қамтамасыз ету, минералды су құбырын пайдалану мерзімін ұлғайту, Ақтау қаласы мен іргелес елді мекендерді қажетті мөлшерде ауыз су және техникалық сумен үздіксіз жабдықтау үшін су құбырының ең тозған учаскесін жаңасына шұғыл ауыстыру.

Ауыз су дайындау станциясындағы (АСДС-40) карбонатты құм фильтрі сүзгілерінің сәулелік жүйесін күрделі жөндеу (3-кезең) жұмыстары да инвестициялық бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Инвестициялық жобаның мақсаты: өнімділікті арттыру, сүзгілердің пайдалану сенімділігін қамтамасыз ету, пайдалану мерзімін ұлғайту, сәулелік жүйенің төңгерімді жұмысын қамтамасыз ету және тұрғындарды ауыз сумен қажетті мөлшерде үздіксіз және сапалы жабдықтау, карбонатты құм фильтрінің (КҚФ) гидравликалық режимін тұрақтандыру».

2023 жылға бөлінген инвестицияның жалпы көлемі 269 148 000 теңгені құрады. Инвестициялық бағдарламадағы жобалардың жүзеге асырылуы жабдықтардың, жылу желілерінің, ауыз су, техникалық және минералданған су құбырлары жүйелерінің сенімді әрі ұзақ уақыт жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Кәсіпорында инвестициялық жобаларды жүзеге асырудан басқа өндірістік активтерді кеңейту, қалпына келтіру, жаңарту жұмыстары да қосымша жүргізілуде.

Баспасөз турына қатысушылар комбинаттың Су дайындау зауытында болып, ДТҚ буландыру аппаратындағы жылу камерасының түтіктерін ауыстырып жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.



РЕАЛИЗАЦИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ



Департаментом комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Мангистауской области проведен пресс-тур с участием руководителей естественных монополий, независимых общественных объединений, представителей средств массовой информации. На совещании обсуждались вопросы реализации инвестиционных программ.

Заместитель директора департамента по эксплуатации и ремонту энергокомбината Алексей Смоленский доложил о выполнении инвестиционного плана предприятия:

«На сегодняшний день износ основного энергетического оборудования составляет 80%. Тем не менее, МАЭК обеспечивает работу оборудования за счет инвестиционных вложений и снабжает потребителей всеми необходимыми видами энергоресурсов.

В рамках инвестиционной программы предприятия, запланированной на 2023 год, ведутся капитальные ремонты на участке теплопровода ТЭЦ-2 – ТЭЦ-1 (4 этап). Цель – увеличение сроков эксплуатации теплоотрасс, надежное использование тепловых сетей в отопительный сезон, обеспечение потребителей теплом и горячей водой, формирование стабильного и качественного режима работы тепловой сети.

Кроме того, ведется капитальный ремонт сборного минводова южной ветки между скважинами № 1-13 (1-й этап), в рамках которого требуется обеспечение надежностью работы трубопровода, увеличение срока использования минеральным водоснабжением, обеспечение необходимым количеством питьевой и технической воды потребителей, заменив наиболее изношенный участок водопровода.

На основе инвестиционной программы также проводятся работы по капитальному ремонту лучевой системы фильтров карбонатного песка на станции по приготовлению воды (СППВ-40). Целью проекта является повышение производительности, обеспечение эксплуатационной надежности фильтров, увеличение срока их эксплуатации.

Общий объем инвестиций в 2023 году составил 269 148 000 тенге. Реализация проектов инвестиционной программы позволит обеспечить надежную и долгосрочную эксплуатацию оборудования, тепловых сетей, систем питьевого, технического и минерализованного водоснабжения.

Помимо реализации инвестиционных проектов на комбинате определяются активы на расширение, восстановление и обновление промышленных работ.

Участники пресс-тура посетили ЗПДиПТВС, где ознакомились с ходом ремонтных работ по замене труб на греющей камере выпарного аппарата ДОУ.



АҚТАУДА КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРЛЕРДІҢ ОҚУЫ ӨТКІЗІЛДІ

Ақтау қаласында «Бизнес пен квазимемлекеттік сектордағы комплаенс-қызметтер жұмысының тиімділігін арттыру» бойынша комплаенс-офицерлер оқуы болып өтті. Оқуға қатысқандар қатарында «МАЭК» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің де бір топ қызметкерлері де бар.

Айта кетейік, «МАЭК» ЖШС Бақылау кеңесіне тікелей бағынатын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет 2023 жылғы 24 мамырда кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша төмендету және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасы саласындағы нормалардың сақталуын бақылау бойынша тиімді шаралар әзірлеу мақсатында құрылды. Қызмет басшысы - Мұхит Балқожаев.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мектебі аясында бизнес өкілдері үшін бизнестегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың халықаралық және ұлттық стандарттары, комплаенс жұмысын

диагностикалау және сыртқы мониторингілеу құралдары, компаниялардағы мүдделер қақтығысын реттеу сияқты бағыттар қамтылды.

Қатысушылар сондай-ақ ұйымдағы сыбайлас жемқорлық және корпоративтік алаяқтық тәуекелдерін сәйкестендіру, due diligence, мүдделер қақтығысын реттеу және жалпы комплаенс-қызметтердің қызметі мәселелері бойынша жеке консультациялар алды.

Комплаенс мектебінің бағдарламасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің өз міндеттерін іске асыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және компаниялардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендетуге көмектесу, жәрдемдесу және қолдау үшін арнайы әзірленген.

Ұйымдастырушылар квазимемлекеттік сектордағы адал қызметті қамтамасыз етудің негізгі құралы комплаенс офицерлердің тиімді қызметі болып табылатынын атап өтті.



ОБУЧЕНИЕ КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРОВ В АҚТАУ

В городе Ақтау прошло обучение комплаенс-офицеров по «Повышению эффективности работы комплаенс-служб в бизнесе и квазигосударственном секторе». В данном обучении приняли участие сотрудники антикоррупционной комплаенс-службы энергокомбината. Отметим, что Антикоррупционная комплаенс-служба с прямым подчинением Наблюдательному совету ТОО «МАЭК» создана 24 мая 2023 года, с целью реализации антикоррупционной политики, выработки эффективных мер по максимальному снижению уровня коррупции на энергопредприятии и контролю за соблюдением норм в сфере законодательства РК по противодействию коррупции. Руководитель службы - Мухит Балқожаев.

В рамках Школы антикоррупционного комплаенса для представителей бизнеса были охвачены такие направления, как международные и национальные стандарты противодействия

коррупции в бизнесе, инструменты диагностики и внешнего мониторинга работы комплаенса, урегулирование конфликта интересов в компаниях.

Участники также получили индивидуальные консультации по вопросам идентификации рисков коррупции и корпоративного мошенничества в организации, due diligence, регулирования конфликта интересов и деятельности комплаенс-служб в целом.

Программа школы специально разработана для помощи, содействия и поддержки антикоррупционных комплаенс-служб в реализации их задач, формировании антикоррупционной культуры и для снижения риска коррупции в компаниях.

Организаторы отмечают, что основным инструментом обеспечения добропорядочности в квазигосударственном секторе является эффективная деятельность комплаенс офицеров.



Абайдың қара сөздері / Слова назидания Абая

Төртінші сөз: Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды...

Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсан, қара жер де береді, құр тастамайды.

Слово Четвёртое: Человек рождается на свет с плачем и уходит скорбя. В промежутке между этими двумя событиями, так и не изведав истинного счастья, не распознав до конца ценности и неповторимости дарованной ему жизни, он бездумно прожигает ее в унижительных ссорах и недостойных спорах. Спыхватывается, когда жизнь уже на исходе. И только тогда начинает понимать, что ни за какие сокровища мира невозможно продлить ее хотя бы на один день.

Жить хитростью, обманом, попрошайничеством — удел бездарных проходимцев. Веруй в Бога, надейся на свое умение и силы. На честный и самоотверженный труд даже твердь земная ответит всходами.

Алтыншы сөз: Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың - пысық, ішің - нас,

Артын ойлап ұялмас, -

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

Слово Шестое: Если ты жив, но душа твоя мертва, слова разума не достигнут твоего сознания, ты не сумеешь зарабатывать на жизнь честным трудом.

Бездельник, лживый зубоскал,

Нахлебник и нахал.

В душе холуй, на вид удал

Не ведает стыда.

Будучи таким, не сочти себя за живого. Праведная смерть предпочтительнее такой жизни.

Он бесінші сөз: Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?

Слово Пятнадцатое: Желаете быть в числе умных людей, спрашивай себя раз в день, раз в неделю, или хотя бы раз в месяц: как ты живешь? Сделал ли ты что-нибудь полезное для своего образования, для земной или потусторонней жизни, не придется ли тебе потом испить горечь сожаления? Или же ты и сам не заметил, не помнишь, как и чем жил?

Жиырма сегізінші сөз: Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен... Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан - құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан - құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан - құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе - жоқ.

Слово Двадцать восьмое: Разумный человек должен знать, долг верующего - творить добро... Нет, ты должен понять и поверить в то, что добро и зло созданы Богом, но не он творит их. Бог создал богатство и бедность, но не он сделал людей богатыми и бедными. Бог создал болезни, но не он заставляет людей страдать от них. Иначе, все - тлен.

Отыз сегізінші сөз: Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшінші - залымдық деп білесің.

Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

Слово Тридцать восьмое: Существуют три вещи, способные унижить весь человеческий род, которых следует избегать, это: невежество, леность, злодеяние.

Невежество - то есть отсутствие знаний, без которых ничего нельзя добиться; отсутствие знаний равняет человека со скотом.

Леность - злейший враг искусства; бесталанность, безволие, бесстыдство, бедность - порождение лени.

Злодеяние - враг человечества; причиняя зло другим, человек отдаляется от людей, уподобляясь дикому зверю.



ӨРТКЕ ҚАРСЫ ЖАТТЫҒУЛАР ӨТКІЗІЛДІ



Кезекті өртке қарсы жаттығуды МЕӨҚҚ бөлімшесінің қызметкерлері кәсіпорынның 201 ғимаратында өткізді. Бұл жолғы өрт сценарий бойынша жергілікті бір бөлмеде болған қысқа тұйықталудан пайда болды.

Өрт сөндірушілер келгенге дейін осы ғимараттағы кәсіпорын басқармасының барлық қызметкерлері дереу эвакуацияланды.

5 минуттан кейін шартты өрт орнына МЕӨҚҚ бөлімшесі келіп жетіп, оны сөндіруге және оқшаулауға кірісті. Өрт сөндіру қызметкерлері үй-жайларда, объектіде адамдардың бар-жоғын тексеріп, өрт ошағын жоюды ұйымдастырды.

Өрт сөндірушілердің үйлесімді жұмысының арқасында шартты өрт сөндірілді.

Жаттығу барысында өртке қарсы қызмет бөлімшесінің комбинат басқармасының басқару құрамымен үйлесімді өзара іс-қимылы пысықталды.

«Негізгі мақсат - персоналдың өрт шыққан кездегі шұғыл әрекет етуге дайындығын жетілдіру. Осындай жаттығулар барысында ғимараттағы қызметкерлердің өз бетінше, жағдайды тез және дәл бағдарлай білу, өрттің алдын алу немесе өртті тез жою бойынша тәжірибелері жинақталады», - дейді жаттығу жөнінде Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің қарауыл бастығы Сергей Гутенев.

Сонымен қатар, БН-350 РҚ 130 ғимаратында және ЖЭО-2 аумағындағы №323/4 үй-жайында да өртке қарсы жаттығулар өткізілді.

Мұнда жаттығу сценарийі бойынша химиялық элементтерді сақтау бақтарын қыздыру және пайдалану процесі кезінде бақтардан натрийдің ағуы орын алған.

Оқу-жаттығуларға қатысқан 3 өрт сөндіру машинасы, 11 адамнан тұратын МЕӨҚҚ кезекші қарауылының жеке құрамы оқиға орнына 8 минуттан соң келіп жетті. Мұнда бірден газ-түтіннен қорғау қызметі құрылып, қауіпсіздік бекеті қойылды. Қауіпті аумақта жүргізілген барлау кезінде зардап шеккендер табылған жоқ. Ал мамандар ауданы 12 м² болатын натрийдің шартты тұтану ошағын тауып, оны сөндіруге кірісті.

Оқу-жаттығуды ұйымдастырушылардың айтуынша шартты өртті оқшаулау және жою қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Оқу-жаттығудың барлық қатысушылары өздеріне қойылған міндеттерді ойдағыдай орындады.

- Тренингтің басты міндеттерінің бірі – Мемлекеттік емес өрттен қорғау қызметі персоналының штаттан тыс жағдайдың салдарын оқшаулауға дайындығын тексеру, қызметкерлердің апатқа қарсы және өртке қарсы техниканы қолдану дағдыларын пысықтау. Сондай-ақ, оқу-жаттығуларға тартылған бөлімшелердің өзара іс-қимыл мәселелері пысықталды, - деп атап өтті «МАЭК» ЖШС МЕӨҚҚ басшысы Вусал Юсифов.



АВГУСТОВСКИЕ ПРОТИВОПОЖАРНЫЕ ТРЕНИРОВКИ

Очередную плановую противопожарную тренировку в здании 201 энергокомбината провели сотрудники подразделения НГПС. По задумке организаторов мероприятия, в подвальном помещении произошло условное горение из-за короткого замыкания.

До прибытия пожарных все работники управления предприятия, находящиеся в этом здании, были немедленно эвакуированы.

Уже через 5 минут на место условного пожара прибыло подразделение НГПС и приступило к его тушению и локализации. Сотрудниками противопожарной службы была проведена проверка помещений на наличие людей на объекте и организована ликвидация очага возгорания.

Благодаря работе огнеборцев, условное возгорание было ликвидировано.

В ходе тренировки отмечено слаженное взаимодействие подразделения противопожарной службы с управленческим составом управления комбината.

«Основная цель – совершенствование системы подготовки персонала к действиям в условиях возникновения пожара. В ходе тренировки приобретается опыт, у работников вырабатываются навыки и способность самостоятельно, быстро и безошибочно ориентироваться в ситуации, принимать правильные меры по предупреждению или ликвидации возгорания», - отметил Сергей Гутенев, начальник 4 караула НГПС.

Плановую противопожарную тренировку также провели и на территории реакторной установки БН-350. Здесь по легенде учений произошла течь натрия из баков хранения химического элемента в процессе разогрева и эксплуатации баков.

В учениях было задействовано 3 пожарные машины и личный состав дежурного караула НГПС из 11 человек, которые уже через 8 минут прибыли на место происшествия. Здесь сразу было сформировано звено газодымозащитной службы и выставлен пост безопасности. Пострадавших при проведенной разведке обнаружено не было. Специалистами был обнаружен очаг условного возгорания натрия, площадь которого составляла 12 м². Для его тушения был применен глинозем.

Локализация и ликвидация условного пожара, по задумке организаторов учений, прошли в короткие сроки. Все участники учений успешно справились с поставленными задачами.

- Одна из задач тренировки - проверка готовности персонала НГПС к локализации последствий нештатной ситуации, отработка навыков сотрудников по применению противоаварийной и противопожарной техники. Также отработывались вопросы взаимодействия между всеми участниками подразделений, задействованных в учениях, - отметил Вусал Юсифов, начальник НГПС ТОО «МАЭК».



ЖАСТАРҒА ЖОЛ

«МАЭК» ЖШС «Quatty arular» әйелдер клубының бастамасымен БН-350 РҚ, Радиациялық технология және техникалық диагностика орталығында еңбек ететін жас мамандар Вена мемлекеттік университетінің магистранты, БН-350 РҚ бұрынғы қызметкері Камилла Бабахановамен кездесу өткізді.

Кездесуде Камилла шетелдік оқу орнына қалай оқуға түскені, мамандық пен университетті қалай таңдағаны туралы әңгімелеп, Австрия жоғарғы оқу орындарындағы оқу ерекшеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, ақылы тағылымдамалардан өту, оқу мен жұмысты үйлестіру мүмкіндіктері, емтихан тапсырудың икемді жүйесі туралы қойылған сұрақтарға жауап берді. Кездесуге келген жастар, әсіресе, австриялықтардың және ондағы түрлі елдерден келген студенттердің өміріне қызығушылық танытты.

Еңбек жолын МАЭКтен бастаған Камила сияқты жастардың өмірі кәсіпорынның басқа жастарына да үлгі

болатыны, алға қойған мақсаттарына батыл ұмтылып, өз білімдерін жетілдіріп, білігін шыңдауға үлес қосатыны сөзсіз.



ДОРОГУ МОЛОДЫМ

По инициативе Женского клуба энергопредприятия «Quatty arular» была проведена встреча молодых специалистов РУ БН-350 и ЦРТиТД с Камиллой Бабахановой, магистрантом Венского Государственного университета.

Камилла - бывшая работница РУ БН-350. На встрече девушка поделилась историей поступления в высшее учебное заведение, выбора своего «альма матер», особенностями учебы в Вене и в австрийских университетах в целом. Студентка ответила на вопросы

работников предприятия, касающиеся оплачиваемых стажировок за границей, возможностях совмещения учебы и работы, гибкой системы сдачи экзаменов. Молодым маэковцам было не менее интересно услышать о жизни коренных австрийцев, иностранных студентов.

- Желаем нашим молодым специалистам пробовать свои силы, стремиться и достигать поставленных целей, так как всё в их руках, - сказала Председатель Женского клуба «Quatty arular», Эльмира Байдильдинова.



КӘСІПОДАҚ - БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Жадыраған жаздың соңғы айы да, балалардың жазғы демалысы да аяқталып, қоңыр күз келіп жетті. Сүйікті мектебіне оралған оқушылар ұстаздарымен, достарымен сағына қауышып, білім нәрімен сусындауға кірісті.

Жыл сайын қыркүйек айы қарсаңында елімізде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізіледі. Оның негізгі мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасыларындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсетіп, көмек қолын созу болып табылады. Дегенмен, «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» жергілікті кәсіподақ» Қоғамдық бірлестігі және «YNTYMAQ» кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің отбасы жағдайына қарамай-ақ, білім әлеміне алғаш аттанғалы тұрған барлық бүлдіршіндерге сыйлық жасауды дәстүрге айналдырған. Осы жылы «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» жергілікті кәсіподақ» ҚБ бірінші сыныпқа баратын 63 оқушыға, «YNTYMAQ» кәсіподақ ұйымы 70 оқушыға ішіне түрлі оқу құралдары салынған сөмкелерді сыйға берді.

«Сабаққа қажетті құралдардың барлығын жыл сайын бірінші сыныпқа баратын баласы бар кәсіподақ мүшелеріне толықтай алып беруге тырасамыз. Өйткені, бұлардың да бағалары қатты қымбаттаған, біздің берген сыйлығымыз ата-аналарға кәдімгідей көмек болады деп ойлаймын. Бүлдіршіндердің мектепке қадамдары құтты болсын», - дейді жергілікті кәсіподақ жетекшісі Мұрат Избаев.

«Ата-ана баласының мектеп үлгісіндегі жаңа киімдері мен сөмкесіне,

дәптерлері мен қалам-қарындаштары, бояулар мен альбомдарын сатып алуға көп қаражат пен уақыт жұмсайтыны анық. Сол себепті кәсіподақ мүшелеріне көмек ретінде біз оқу құралдарымен бірге мектепке ұстайтын сөмкесін де алып бердік. Балаларымыз сол сөмкелермен тек бестік бағаларын арқалап жүрсін!», - деген тілегін арнады «YNTYMAQ» кәсіподағының басшысы Асқар Қойшыбай.



ПРОФСОЮЗЫ - ДЕТЯМ

Вот и закончилась самая жаркая пора, а вместе с ней и летние каникулы у школьников. Отдохнувшие ребята сели за ученические парты, чтобы получить новые знания.

Ежегодно в преддверии сентября в стране проводится благотворительная акция «Дорога в школу». Основная ее цель – оказание поддержки и помощи воспитанникам из малообеспеченных и многодетных семей, детям-сиротам и ребятам, оставшимся без попечения родителей. По сложившейся доброй традиции ОО «Локальный профсоюз «МАЭК-Казатомпром», а в этом году и профсоюзная организация «YNTYMAQ», предоставили подарки детям работников энергокомбината, которые впервые переступили порог школы. Всего 133 ребенка получили в дар от профсоюзов энергокомбината школьные рюкзаки с канцелярскими принадлежностями.

«Родители тратят много времени и средств на покупку новой школьной формы, рюкзаков, книг и карандашей, цветной бумаги и альбомов. Все необходимое для обучения канцелярские товары ежегодно предоставляются членам нашего профсоюза, чьи ребята идут в первый класс. Думаю, что наш подарок станет большим подспорьем для родителей и радостью первоклассникам», - отметил руководитель местного профсоюза Мұрат Избаев.

«Мы впервые организовали такую акцию для детей членов нашего профсоюза. Планируем проводить ее и в последующем. Уверены, что подарки стали приятным сюрпризом для первоклашек и их родителей. Поздравляем всех ребят с началом нового учебного года и желаем всем отличной учебы», - сказал Председатель профсоюза «YNTYMAQ» Асқар Қойшыбай.



МАЭК «ФУТБОЛ ЖОЛЫ» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Ақтау қаласында қазақстандық футбол федерациясының ұйымдастыруымен Қазақстан футболының 110 жылдығына арналған «Футбол жолы» спорт фестивалі болып өтті.

3x3 форматында өткен көше футболы турниріне қатысқан 16 команданың ішінде "МАЭК" командасы бірінші орынды иеленіп, жеңімпаз атанды. Команда Қазақстан футбол федерациясының бағалы сыйлықтарымен және медальдарымен марапатталды. МАЭК құрамасында, Орал Павиз (Қауіпсіздік қызметі), Ерболат Мухашов (Әкімшілік-шаруашылық қызметі) және Бауыржан Ерманов (БН-350 РК) өте шебер ойын көрсетіп, жанкүйерлердің қошаметіне бөленді.

«Футбол жолы» спорт және ойын-сауық фестивалі өңірлерге сапарын алғаш еліміздің оңтүстігінен, Шымкент қаласынан бастаған болатын. Өткен жексенбіде атаулы шара Ақтау қаласының теңіз жағалауында жалғасты. Осындай көңілді футбол кеші еліміздің 8 қаласында өткізілмек.

Жарыста алдына жан салмайтын МАЭК футболшыларын кезекті жеңісімен құттықтаймыз!



МАЭК ПОБЕДИТЕЛЬ «ФУТБОЛ ЖОЛЫ»

Первыми среди 16 команд в любительском турнире по футболу в формате 3x3, прошедшего в рамках спортивного фестиваля «Футбол Жолы» стала команда «МАЭК». Работники энергокомбината Павиз Орал (СБ), Мухашов Ерболат (АХС) и Ерманов Бауыржан (РУ БН-350) не оставили шансов своим соперникам и стали обладателями золотых медалей и ценных призов.

Наши ребята стали победителями «уличного» футбола на фестивале, посвященного 110-летию казахстанского футбола, который в выходные

прошёл в Ақтау. Помимо футбольного турнира 3x3, здесь также прошли мастер-классы по футбольному фристайлу.

Масштабный спортивный праздник, устроителем которого является Федерация футбола Казахстана, стартовал в Шымкенте. По задумке организаторов, фестиваль планируется провести еще в 6 городах страны.

Поздравляем наших коллег с победой!